

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылында 5 сыныппен жүргізілген
тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 5 сыныпқа 3 оқушы қабылданды. Оның 2-уы ұл бала, 1-уы қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші - 67 % құрайды.

Екпінділер: Амантаева Данила, Молдабай Асылзат

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 3 де толық отбасы, жағдайы қалыпты. Сыныпта 3 да оқушыда көп балалы отбасынан.

Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді.

Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар бастауыш сыныптан орта буынға қосылғандықтан жыл бойы жаңа сынып жетекшіге, пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары психологпен, әлеуметтік педагогпен жүргізілді. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

1-қыркүйек Білім күніне арналған «Мектеп- мейірім мекені» сынып сағаты өткізілді.

«Өз тілінді құрметте » тақырыбында тілдер күніне орай шара өткізілді. Оқушылар ана тілін құрметтеуге, өз отанын сүйуге, туған жеріне қызмет ету мақсатында тәрбие сағаты өтті.

11-қазан халықаралақ қыздар күніне орай «Қыздарға әсемдік жарасады» атты тәрбие сағаты өтті.

16- желтоқсан-Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Наурызым – құт берекем!» сияқты тәрбие сағаттары өтіп, оқушыларға толық түсінік жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

Шебер қолдар	Дебат клубы	Волейбол
Молдабай Асылзат	Амантаева Данила	Маратов Елсұлтан

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әртүрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі тақырыптар қамтылды. Мектеп психологы Г.Балпашова өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көңіласым т.б жұмыстар жүргізді. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптарбойынша бейресми оқушы анықталмады.

2022-2023жж оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысын бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттар саны 34 сағат	Қосымша тәрбие сағаттар саны
1	Жаңа қазақстандық патриотизм жәнеазаматтыққа тәрбиелеу,құқықтық тәрбие	5	3
	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	3	2
2	Отбасылық тәрбиесі	2	2
3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	4	2
4	Ұлттық тәрбие	3	2
5	Рухани – адамгершілік тәрбие	5	2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	6	2
7	Көпмәдениеттіжәне	3	2

	көркемэстетикалық тәрбие		
8	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	3	2

Сынып жетекші: Досбаева Асыл